



Анамның аялы алақаны



«Балапан» Кіші тобы

Тәрбиеші: У.Б Керимбекова
А Қасымбекова

Музыка әуенімен балалар музыка залына кіреді.

Қатысушылар «Көбелек», Көктем, Түлкі, тәрбиешілер, балалар.

Шуақты көктем келді гүлін алып,

Көктемнің мерекесі бүгін анық.

Өмірдің көктемінде, гүлі де «Ана»,

Ана деп ,бас иеді барлық халық.

Ардақты аналар,әжелер ,ұстаздар бүгінгі келіп жеткен 8 наурыз Халқаралық әйелдер мерекесі құтты болсын.Мерекелік ертеңгілігімізді ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.Балалардың өздеріңізге,аналарына арнаған әнімізді қабыл алыңыздар.

Ән «Анашым»

Музыка әуенімен «Көктем» кіреді.

Дала гүлге бөленеді,

Қуанышқа кенеледі.

Орман,тоғай,бақтарда,

Құстар сайрай жөнелді

Өйткені мен көктеммін,

Шұғыламды төккенмін.

Тәрбиеші Сиқыршы көктем,біздің шақыруымызды қабыл алып мерекемізге келгеніңізге рахмет,балалардың өнерлерін бірге тамашалайық.

Бүгінгі көктем күнінде,

Барлық адам қуанар.

Аналарды мейраммен ,

Құттықтайды балалар.

Айша

Ақ анашым аппағым,

Өзің жайлы тақпағым.

Өзің жайлы әнім де,

Арнадым саған бәрінде.

Иброхим

Ақ сүт берген анашым,

Ақылды менің данашым.

Өзіңдей жанды әлемнен,

Іздесем қайдан табамын.

Асылым

Шашымды өріп тараған,

Қабағыма қараған.

Үлкен кіші демейді,

Сыйлайды оны бар адам.

Мирас

Теңдесі жоқ данасың,

Арқа тұтар панасың.

Еңбегіңді ақтаймын,

Аман болшы анашым.

Музыка әуенімен Көбелек шығады.

Көбелек Гүлдердің хош иісі осы жақтан шығып жатыр екен ғой, Көктем ару сені ұзақ күттік. Бүгінгі көктем мерекесі құтты болсын, көктемнің күніндей құлпырып жүре беріңіздер. Әдемі қыздарды көріп, би билегім келіп тұр.

Тәрбиеші Әрине бідің өнерлі қыздармен би билеңіз.

Көктем келіп шырайлы,

Қуантады біздерді.

Көбелектер гүлдерге,

Сән береді нұрайлы.

Көбелек ,Көктем аруы біздің қыздар би билеп өз өнерлерін көрсетсін.

Би Көбелектер

Той-тойлап дала мен қалаларым,

Мерекең құтты болсын аналарым.

8-наурыз мерекесімен,

Құттықтауға келіп отыр балаларың.

Балалардың мерекеге арнаған өлең шумақтарына кезек берейік.

Томирис

Бал бөбегін баптаған ,

Мамам үшін мақтанамын.

Аялайтын біздерді .

Көп жасасын ақ мамам.

Медина

Анам мені айым дейді ,

Мен мұңайсам уайым жейді.

Анам мені күнім дейді ,

Мен қуансам күлімдейді.

Нұрали

Әр сөзімді жаттаған,

Жүрегімде сақтаған.

Анашым- деп мақтанамын,

Айналайын ақ мамам

Аян

Тәрбиеші

Шалқып тасып әніміз,

Жадырасын жанымыз.

Аналарды құттықтап,

Ән саламыз бәріміз.

Ән Анашым

Музыка әуенімен түлкі шығады.

Түлкі Мұнда не болып жатыр. Мені неге шақырмайсыңдар мерекелеріңнің шырқын бұзайын.

Көктем Уа Түлкі жан бұл қылығың дұрыс емес. Әуелі балалармен амандаспайсың ба

Түлкі Сәлеметсіңдерме балалар менің бұл қылығым дұрыс болмапты кешіріңдер. Қырда жүріп ішім пысып кетті. Мен сендердің өнерлеріңді тамашаласам болама.

Көктем Әрине Түлкіжан біздің балалардың өнерлерін бірге тамашалайық.

Тәрбиеші Онда жігіттерімізді ортаға шақырайық.

Би Жігіттер

Көктем Балалар сендерге рахмет көңіл күйім көтеріліп қалды менімен ойын ойнауға қалай қарайсыңдар.

«Гүлдерді жинау» ойыны.

Десекте уақытпенен жарыспайды,

Қияалға – қиялменен қарыштайды

Бүгінгі кешіміздің қонақтары,

Ертеңгілігіміз соңыны таяп қалды.

Құрметті ата-аналар келген қонақтар, осымен бүгінгі мерекелі ертеңгілігіміз аяқталды. Келесі кездескенше сау болыңыздар.



